

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 12 сәуірдегі N 88 Жарлығы. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2008 жылғы 21 қарашадағы N 696 Жарлығымен.

Ескерту. Жарлықтың күші жойылды - ҚР Президентінің 2008 жылғы 21 қарашадағы N 696 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 36-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" 2001 жылғы 28 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 15 қазандағы N 702 Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің құрамына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы - Игорь Иванович Рогов Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы болып тағайындалсын;

2) Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаев Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы міндетінен босатылсын, ол Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі болып тағайындалсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті